



## ӨЗБЕКСТАН ПРЕЗИДЕНТІН КҮТІП АЛДЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстанға мемлекеттік сапармен келген Өзбекстан Президенті Шавкат Мирзиёевті елорда әуежайында қарсы алды.

Мәртебелі қонақты салтанатпен қарсы алу үшін әуежайда Құрмет караулы ротасы сап түзеп тұрды. Сапар аясында жоғары деңгейде екіжақты келіссөздер жүргізіледі және бірқатар маңызды құжатқа қол қойылады деп жоспарланып отыр.

## БАЛАБАҚШАДА ҚАЛАДЫ АҚША...

Ел Үкіметі 2010 жылы қабылданған Балаларды мектепке дейінгі тәрбиемен және оқытумен қамтамасыз ету жөніндегі «Балапан» бағдарламасында 2020 жылға дейін жас ұрпақты 100% балабақшамен қамтуға уәде еткен-тін. Жауапты шенеуніктер мен әкімдер бұл міндетті сол бойы орындамады. Қазіргі кезде салада жеке бағдарлама жоқ. Оның орнына Үкімет жаңа схеманы жолға қоймақ: Оқу-ағарту министрлігі оған «Ақша баланың соңынан жүреді» деген тосын атау берді. Соның аясында Indigo жүйесі жаппай енгізіледі. Бұл жоба пікірталас тудырды. Here?



### ЖҮЗ ПАЙЫЗ – ЖЕТКІЗБЕЙТІН САҒЫМ

Оқу-ағарту министрлігінің дерегінше, 2024 жылғы I тоқсанның қорытындысында елімізде 2-6 жастағы балаларды балабақшамен қамту көрсеткіші 91%-ға жетті. Бір жағынан алғанда, жап-жақсы көрсеткіш. Екінші жағынан, бұл көзбояуға ұқсайды. Өйткені ол тек балабақша кезегінде тұрғандарды ғана қарастырады. Мысалы, қанша балдырғанды отбасында үйбикелері (домохозяйки) бағып отырғаны ресми айтылмайды. Әрине, ананың әл-пештегенінен, аялы алақанынан ардақты ештеңе жоқ. Әйткенмен, баланың қоғамға кірігуі, әлеуметтенуі, құрбы-құрдастарымен араласып үйренуі үшін де балабақшаға баруы қажеттігін айтпағанның өзінде, мектеп-

ке дейінгі тәрбие мен білім дәл осы ұйымдарда берілетінін ұмытпаған жөн.

Сонымен, Оқу-ағарту министрлігінің дерегінше, бүгінде республикада мемлекеттігі, жекеменшігі бар, жалпы саны 11 мың 472 мектепке дейінгі ұйым (балабақша, миниорталық) жұмыс істейді. Онда 1 миллионға жуық бала тәрбие алып, оқиды.

Салыстырсақ, Ұлттық статистика бюросының дерегінше, қазіргі уақытта Қазақстанда 2-6 жастағы 1 миллион 999,2 мың бала бар. Яғни, бұл жастағы балалардың тең жартысы балабақшамен қамтылмаған, анасының, ата-әжесінің, туысканының тәрбиесінде.

(Жалғасы 5-бетте)

## ЖАРТАСТАҒЫ ЖАЗУЛАР: ВАНДАЛИЗМГЕ ЖАЗА КҮШЕЙДІ



Табиғаттың талай ғасыр бойы өз қойнауында сақтап келген дүниесін бүгінгі ұрпақ өз қолымен бүлдіруі өкінішті. Бұлай бола берсе, бассыздық жаппай белең алып кетуі де мүмкін. Сондықтан ел Үкіметі іске араласып, Президент тапсырмасымен оспадар әрекеттің алдын алуға байланысты жұмыстар нақты қолға алынды. Шаруаға бел шеше кірісіп, бірден іліп әкеткен «АМАНАТ» партиясы жанындағы «Жастар Рухы» жастар қанатының белсенділері болды.

» 6



## АЗАМАТТЫҚ ҚОҒАМ – ЕЛ ДАМУЫНЫҢ КЕПІЛІ

Мәдениет және ақпарат министрлігі Азаматтық қоғамды дамыту тұжырымдамасына өзгерістер мен толықтырулар енгізу бойынша белсенді жұмыс жүргізіп жатыр. Мақсат – мемлекет пен азаматтық сектор арасында берік қоғамдық келісім орнату. Бұл жұмысқа сарапшылар мен ҰЕҰ өкілдері тартылады. Олар тұжырымдаманың бірінші кезеңінде атқарылған жұмысты талдап, халықаралық тәжірибені сараптайды және әлеуметтік зерттеулер жүргізеді. Қазақстан Республикасы МАМ осы жылдың тамызынан бастап, азаматтық сектордың негізгі сегменттері бойынша зерттеулер ұйымдастырады.

» 4

## ҚЫЗМЕТТІК КӨЛІКТІҢ ҚЫЗЫҒЫН КІМ КӨРІП ЖҮР?



Қызметтік көлік – қызмет үшін. Бүгінде мұны басшылар ұғынатын кез жеткен. Олай дейтініміз, бұрын қызметтік көлікті той-томалаққа мініп, одан қалса бала-шағасын бөбекжайға тасығандарға бақылау күшейіп, жаза басқандар қатаң жазаланған болатын. Осы «таяқ» өзгелерге сабақ болады деп күткенбіз. Алайда Жамбылда қызметтік көлікті қалауынша мініп, «жүгенсіз» жүргендердің саны әлі де азаймай тұр.

» 7

## ТАЛДЫҚОРҒАННЫҢ ТАЗАЛЫҒЫ СЫН КӨТЕРМЕЙДІ



7 БЕТ

## ҰЛТТЫҚ МУЗЕЙДЕ – ӨЗБЕК ӨНЕРІ



8 БЕТ













